Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қорытындысы.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Билікөл» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау бойынша талдамалық анықтамасы.

Кіріспе

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Билікөл» бөбекжай –бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық- құқықтық нысандары заңды тұлға болып табылады.

Бөбекжай-бақшада 2 жастан бастап мектепке жасына дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау, қарау, бағу, сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз етеді.

Бөбекжай-бақшада 23 қызметкер жұмыс жасайды. Бөбекжай-бақшаның жобалық қуаты: 50.

Қолданысқа берілген жылы:2006 жыл.

Бала саны - 50.

Топтар саны - 2.

Байланыс телефоны- 8-726-35-5-23-69

Әрбір топ жеке жатын, оқу-ойын бөлмелерінен тұрады.
Балалардың жас ерекшелігіне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған.

Кадрлар құрамы: педагог саны - 8. Жоғары білімді - 6 педагог, арнаулы орта білімді - 2 педагог.

Ақпараттық талдамалық бөлімі

Билікөл мектепке дейінгі ұйымы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған шаралар сапалы ұйымдастырылып, іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар қызметкерлерге таныстырылып, сәйкесті жоспарлау жұмыстары жүзеге асырылды.Бөбекжай-бақшаның бұйырықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр.Мүдделер қақтығысы жоқ.Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі.Бос лауазымдарға аудандық жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде қабылданады. Бөбекжай-бақшада Қазақстан Республиқасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» зандарының,Қазақстан Республиқасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің талаптарының қатаң

сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері таныстырылып, мемлекеттік қызмет имиджіне кері әсер ететіп әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.

Бөбекжай-бақша қызметкерлерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ.Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда. Еңбек тәртібін бұзушылық фактілері тіркелмеген.Пара алу және беру жауапкершілікке тартылмағандығы туралы, сондай-ақ Колл-орталықтың 1424 бірыңғай нөмері туралы ақпарат көрнекі жерде орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыт бойынша жүзеге асты:

1.Бөбекжай-бақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін аңықтау;

2.Бөбекжай-бақша ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Мектепке дейінгі ұйымда ақша жинауды болдырмау, бөбекжай-бақшамен қоштасу және т.б. мерекелерде тәрбиешілерге ата-аналардан сыйлыққа ақша жинамауын үнемі қатаң қадағалануда. Бөбекжай-бақша дәлізінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында стенд ілінді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихатау жұмысының барысы бақшада әкімшілік жиналысында мәселе ретінде талқыланып қаралады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жоспары бойынша қызметкерлерге түсіндірмелі жұмыстар, шаралар, ашық күндер өткізілді.Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылған. Құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызатын ықпал ететін тәукелдер аңықталмады.Бөбекжай-бақшада сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.